



Ақмешіт

3 тамыз сенбі

№61 (2071)

2024 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы



ҚАЛАҒА ЖАҢА ӘКІМ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен Қызылорда қаласының актив отырысында Қызылорда қаласының әкімі қызметін атқарған Серік Қожаниязовты әріптестері жаңа қызметке шығарып салды.

Қаңтар айынан бүгінгі күнге дейін осы қызметті атқарған Серік Салауатулы «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының тәуелсіз директорлығына тағайындалуына байланысты қызметінен босатылды.

«Серік Салауатулы – облыс көлемінде ғана емес, республика деңгейіндегі абыройлы, білікті, тәжірибелі кадрлардың бірі. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінде, Премьер-министр Кеңесінде, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі, Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі лауазымдарында абыройлы қызмет атқарған білікті маман, тәжірибелі басшы. Менің тікелей шақыруыммен 2022 жылы маусымда Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары ретінде елге қызмет етуге келген болатын. Осы уақыт аралығында өзіне жүктелген жауапты міндеттерді орындауда мол тәжірибесін, білім-біліктілігін пайдаланып, жемісті еңбек үлгісін көрсетті», – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Облыс әкімі Мемлекет басшысы мен Үкіметтің қолдауының арқасында қала алынған серпінді жобаларға тоқталды.

Қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы оң динамиканы атап өтті.

Екі жыл бұрын қала бюджеті 73,5 млрд. теңге болған. Өткен жылды облыстың бас шаһары 95,2 млрд теңге бюджетпен қорығандықтан, биылғы 6 айда 107,4 млрд теңге көлемінде бекітілді. Облыс орталығындағы жобаларға қаржыландырудың барлық көзінен 53,5 млрд теңге бөлінді.

«Бұл қаржы қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттырып, жайлы орта қалыптастыруға бағытталды. Серік Салауатулының басшылығымен инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды.

Қызылордалықтардың арманына айналған ыстық су түйткілі оң шешімін тапты.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Үкіметтің қолдауымен қаладағы 625 көпқабатты тұрғын үй ыстық сумен қамтамасыз етілетін болды», – деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ қаладағы және оған қарасты елді мекендердегі инфрақұрылымды дамыту жобалары, тұрғын үй құрылысы, қаланың сәулетін, келбетін көркейтп, абаттандыруда атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Аймақ басшысы Серік Салауатулына осы кезге дейін атқарған қызметі үшін сирбырлықтар атынан алғыс білдіріп, облыстың ең жоғары марапаты – Қызылорда облысының «Құрмет» грамотасын табыстады.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі және Қызылорда қалалық мәслихатының келісімдері негізінде облыс әкімінің өкімімен Қызылорда қаласының әкімі болып Ахатов Нұржан Сәбитұлы тағайындалды.

Облыс әкімі жаңа басшының қызметіне сәттілік тіледі.

2-БЕТТЕ

УӘДЕ

СӘКЕН ӘБДІЖАППАР,

ҚЫЗЫЛӨЗЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ:

ШЕТ АЙМАҚ МӘСЕЛЕСІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Ауылға кіреберісте күтін алған Қызылөзек ауылының әкімі Сәкен Әбдіжаппар жылы жүзбен қарсы алды. «Жақында қайта сайландым. Мен де осы елдің бір перзентімін ғой», – деп күлді ол. Осыдан бірнеше жыл бұрынғы ауылдың бет-бейнесі көп өзгерген. Алты айдағы тірлікті айтамын деген ауыл әкімі асықпай сөз бастады.

Өйткені елдің көкейіндегі талай мәселе шешімін тауып үлгеріпті.

– Сәкен Нысанұлы, осы ауылдың бір перзентіне айналғандысыз. Қайта сайланысыз. Елге әбден үйренісіп қалған шығарсыз?..

– Дұрыс айтасыз, Қызылөзек ауылдық округі әкімі лауазымын 2018 жылдан бері атқарып келемін. 2022 жылы қайта сайландым. «Ұлық болсаң, кіші бол» деген халқымыз бір ауыз сөзбен ел басқаратын тұлғаларға зор жауапкершілік жүктеген. Елмен етене араласып, халық арасында жиі болған жағдайда ғана әкім тұрғындардың тыныс-тіршілігін, оларды мазалаған мәселелерді жақсырақ түсінеді деп есептеймін. Халықтың пікіріне құлақ түріп, елдің



мәселесіне мән беру арқылы алдағы уақытта атқарылуы тиіс жұмыстарды саралап, жоспарға алып отырғанды жөн санаймын.

– Биылғы алты айда қандай мәселенің түйіні тарқайды? Талай жылдан бері айтылып келе жатқан түйткілерді шештіңіз бе?

– Ең алдымен, ауылдық округ тұрғындарының ең өзекті болып келген мәселелерінің бірі ауылдық округке қарасты 3 елді мекендегі электр желілерін қайта жаңғырту болатын. Себебі елді мекендердегі электр желілері 1960 жылдары жүргізілген болса, электр қосалқы стансалары 1970 жылдары салынып, қазіргі таңда тозығы жетіп, жауын-шашын, дауылды күндері жарық өшіп қалу оқиғалары жиі орын алууда. Соған сәйкес, тиісті бюджеттік ұсыныс

беріліп, өткен жылы бұл ұсынысымыз қолдау тауып, «Ауылдық округке қарасты 3 елді мекендегі электр желілерін қайта жаңғырту» жобасы жасалды. Өзірленген жоба-сметалық құжаттары бойынша жобаның жалпы құны 1 млрд 192 млн теңгені құрап, жыл басында бастапқы 85,216 млн теңге қаражаты бөлінді. Қазіргі уақытта мердігер «Ақнұр-Авто» ЖШС мекемесі электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізуде. Бұл жұмыс көп қаражат қажет ететін ауқымды жоба болғандықтан, 2025 жылға өтпелі кезеңмен жоспарланып отыр. Яғни 2025 жылғы толық аяқталатын болады. Алдағы уақытта республикалық және облыстық бюджеттерден қалған қаражаты бөлінеді деп жоспарланады.

2 БЕТТЕ

ЗЕЙНЕТКЕ ЖИНАҒАН АҚША

немесе тіс ауырса...

Зейнетгүл биыл зейнетақы қорына жинаған қаржысының белгілі бір бөлігін алуға мүмкіндік туғанына қуанды. Шекті мөлшерден асқанда алатын қаржысын есептей келе, тісін емдетуді жөн көрген. Алайда қуанышы су сепкендей басылды...

Кейінгі жылдары халық бірыңғай зейнетақы жүйесіндегі қаржысының бір бөлігін үй алуға, тіс емдетуге, денсаулығын түзеуге, білім алуға және басқа да қажеттіліктерге жұмсап, қуанып қалған еді. Биылғы жарты жыл ішінде қазақстандықтар зейнетақы қорынан 200 млрд-қа жуық ақша алған. Бірінші кредиттік бюроның хабарлауына, 2024 жылдың қаңтар-маусым айларында БЖЗҚ 176,7 мың өтінішті қарап, халық 6 ай ішінде барлығы 199,4 млрд теңге қаржы алған екен. Салымшылар бұл қаражаттың 60 пайызға жуығын тұрғын үй жағдайын жақсартуға жұмсаған. Өткен жылдың I тоқсанымен салыстырғанда зейнетақы қорынан ақша алу арқаны байқалады. Яғни алынған қаражаттың жалпы сомасы 2,6 есе, өтініштер саны 3,7 есеге өскен.

Алдағы уақытта зейнетақы қорынан қаражат алу талабы қайта қаралып, өзгеруі мүмкін. Бұл мақсатта Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Бірыңғай зейнетақы қоры арнайы есепте жүргізуде. Әзірге белгілісі қор қаражатынан енді тіс емдетуге қаржы беру 6 айға тоқтатылмақ. Бұл туралы «Ашық НҚА» порталында жарияланған еді. Денсаулық сақтау министрлігі зейнетақы жинақтарынан тіс емдетуге қаржы бөлуді алып тастауды ұсынды. Бұйрық күшіне енсе, осы жылдың тамыз айынан бастап қазақстандықтар зейнетке жинаған қаржысынан тіс емдетуге ақша алуға мүмкіндік туғанына қуанып қалған еді. Бірақ бұл мүмкіндік қандай жағдайлар айттылып та жүр.

ТҮЙІМ САЛУҒА СЕБЕП БАР

Министрлік бұйрығының жобасы жарияланған кейін «Отбасы банк» кейбір азаматтардың тіс емдету мақсатында өтініш беріп, бөлінген қаражатты клиника арқылы ақшалай алып алған жағдай да бар екенін жариялады. Адамнан айла артылған ба деген осы болар. Отбасы банк ресми жарияланған дәйектен үзінді келтірсек: «Биылдың өзінде 23 шілдеге дейін банк арқылы емделуге 435,1 млрд теңге біржолғы зейнетақы төлемдері пайдаланылған. Бұл соманың шамамен 98%-ы стоматологиялық қызметтерге кеткен. Дегенмен емделуге жұмсаған біржолғы зейнетақы төлемдерін тексеру кезінде қаржыны мақсатсыз пайдалану жағдайлары анықталған. Анығын айтқанда, кейбір клиникалар зейнетақы жинақтарын қолма-қол ақша түрінде шығарып алуға көмектескен. Банк мұндай жағдайды қалай анықтады дегенге келсек, мынадай дәйектерді алға тарттады.

- стоматологиялық клиникалардың орналасу мекені клиенттердің тұратын жеріне және медициналық тіркеуге сәйкес келмеген;
- клиникаларда болдык деген азаматтар көрсетілген стоматологиялық қызметтер алу туралы анықтамалармен растамаған;
- бірқатар клиент өздерінің зейнетақы төлемдерін еш қандай

стоматологиялық қызмет алмай, делдалдар арқылы және ақшалай сыйақы төлеп алғандарын түсіндірген.

– Бірыңғай зейнетақы төлем қаражаты есебінен емделу үшін міндетті құжаттардың тіркесіне кіретін, азаматтардың медициналық тіркелген жері бойынша дәрігерлік комиссиялардың қорытындыларында қол қоюға құқығы жоқ, сондай-ақ дәрігерлік комиссияның мүшесі болып саналмайтын, тіпті медициналық мекемеде жұмыс істемейтін адамдардың қолы қойылған.

– БЖЗҚ салымшыларының жеке қаражаты, оны азаматтар өздері қалауына пайдалануға құқылы деген жанама пікір бар. Бірақ «Отбасы банк» БЗТ-ны пайдалану жөніндегі уәкілетті оператор ретінде заңға сәйкес, осы қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етуге міндетті», – деді Отбасы банкінің басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова.

2021-2024 жылдар аралығында БЖЗҚ қаражатына көрсетілетін қызметтер көлемі бойынша топ-25 стоматологиялық клиника мемлекетке салық түрінде шамамен 63 млн теңге төлеген. БЖЗҚ қаражаты есебінен ұқсас кезеңде көрсетілген қызметтер көлемі шамамен 91 млрд теңгені құраған, яғни салық жүктемесі небәрі 0,07% болған.

– Біздің ойымызша, бұл стоматологиялық клиникалар тарапынан көрсетілетін қызметтердің шынайылығына күмәнданудың себебі, әсіресе, протездеу және имплантациялау сияқты күрделі процедуралар туралы сөз болғанда», – деп түсіндірді Л.Ибрагимова.

ҮЙ БАҒАСЫ, ҚАҒАЗ ЖҮЗІНДЕ САТЫП АЛУ МЕН ЕМДЕТУ...

Зейнетақы қорындағы жинаған қаржының бір бөлігін белгілі бір мақсатқа пайдалану халыққа қаншалықты пайдалы болды? Ел экономикасына қалай әсер етті. Бұл орайда экономист Мақсат Халықтың пікірін білген едік.

– Зейнетақы жинағындағы қаражатты пайдалануға мүмкіндік беру жақсы дүние. Бұл әлемдік тәжірибеде жақсы қолданылады. Бірақ бізде бұл дұрыс жүзеге аспады деп айта аламын. Бірінші кезекте зейнетақы жинақтарынан қаражат шешіп алуға табысы жоғары азаматтарға ғана мүмкіндік берілді. Ал табысы төмен азаматтар, жалпы қарапайым халық бұл мүмкіндіктен қағылды. Яғни халықтың мүддесіне арналған жоба болған жоқ. Өйткені бірінші кезекте зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдаланып үй сатып алғандар елде тұрғын үй бағасының күрт өсуіне ықпал етті. Соның әсерінен Отбасы банкіне алғашқы жарнаны әрең дегенде жинап жүрген азаматтар үшін қиын болды. Себебі үйдің бағасы шарықтап, жинаған ақшасы алғашқы жарнаға жетпей қалды. Одан кейін зейнетақының шегін тағы да өсіріп жіберді. Мұнан кейін қарапайым азаматтар зейнетақы жинағынан қаржы алудан үмітін үзіп, қолын бір-ақ сілтеді деп айтуға негіз бар. Өйткені ешкімге тиімсіз, қолайсыз жоба болып қалды. Қайта керісінше, бұл арқылы кейбіреулер әр түрлі айла тауып алып, біреуден біреу үй сатып алғандай болып, болмаса стоматология немесе басқа да жолдармен қаражатты шешіп алу арқылы артық ақшаны кіргізіп, инфляцияны туғызды деп айтуға негіз бар.

3-БЕТТЕ

БӨКЕЙХАНОВТАҒЫ ЕСКІ ҮЙЛЕР: ЖАҢА ҮЙГЕ КӨШУ АРМАН БА?

Аула

толы күл-қоқыс.

Тіпті орталықтандырылған

кәріз жүйесіне қосылмаған соң лас суды

да аулаға төгеді екен. Қала орталығында қараусыз

қалған үй тәрізді жұпыны күйімен көзге шыққан

сүйелдей болған көпқабатты тұрғын үйлердің жайы

бұл. Дәлірек айтсақ, Әлихан Бөкейханов көшесіндегі

екі қабатты үйлер.

Алдаберген Көздібаев пен Сарақұл Базарбаева осында 1987 жылы көшіп келген. Содан бері құрқытайтын ұясындай потерде өмір сүріп келеді. Балалары есейіп, үй-жай болған соң ұядай екі бөлмеге сыймай, балаларын бөлек шығарып жіберіпті. Бөлме де әмбебап жағдайға түскен: бірде асуы, бірде жатын, тағы бірде жуынатын бөлмеге айналады. Қала орталығынан ойып тұрып орын алған тұрғын үйдегі жағдай осы.

– Бұрындары аулаға жер үйдегідей әркім өзі суға түсетін «душ» жасап алғанбыз. Әжетханамыз да бөлек болатын. Тіпті аулада сарылдап ағып тұрған су бар еді, оны да «Қызылорда су жүйесінің» мамандары келіп, кеңірдегін қиып кетті. Ал ол судан нәжістің иісі мен дәмі шығады. Оны қайтіп ішеміз?! Сол лас судың өзіне үй басына 20 мың теңгеден сұрады. Сонда біз қайтпекпіз? – дейді С.Базарбаева.

Қабырғасы көгеріп, төбеден жанбыр суын былай қойғанда, топырақ төгілетін үйдің жай-күйін сыртынан қарап-ақ тануға болады. Айналасындағы арықтың өзі қазір үйден шыққан кір суына толы. Ауладағы жағымсыз иіс қолқаны қабады.

2 БЕТТЕ



ИНВЕТОР АВТОКӨЛІК ТАРТУ ЕТТІ

Мандай күнге күйген, Жер-Анадан несібесін терген еңбеккерлер қандай құрметке болса да лайық. Ала жаздай тыным таппай, алқапты аралап, егінді сәбидей мәпелеген дикандарға «Абай-Дәулет» компаниясы әркез қолдау көрсетіп келеді. Соның бір дәлелі, кеше ғана Бұқарбай батыр ауылындағы «Байтабын» ЖШС-не инвестор ретінде су жана автокөлік тарту етті. Айта кетелік, Абай-Дәулет өткен жылы ауылдың екі бірдей көшесін абаттандырып берген еді. Тақтайдай түзу, самаладай жарық көшемен жүрген ауыл халқы игі іс жасаған азаматтарға күн сайын алғыс айтуда. Елдің алғысынан артық құрмет бар ма?! Бүгінде елдегі ағайын инвестордың ауылға әр келгенінен бір жақсы жаңалық күтеді. Шынында, солай. Инвестор компанияның ауылдың еңсесін көтеру үшін жасап жатқан игі ісі жыл сайын көбеймесе, азайған емес.




Алақандай ауылдағы шаруашылық жыл сайын мың гектардан аса жерге күріш егеді. Өткен жылы оның әр гектарынан 56,4 центнер өнім алған. Өртарпапандыруды қолға алған дикандар күріштен басқа, мақсары, жоңшқа өнімдерін де өндіреді. Қалыпты жағдайда 135 адам жұмыс істесе, күзгі егін жинау науқаны кезінде қырман іске қосылып, бұл сан 180-ге жетеді.

Елді мекендердегі шаруашылықтың ісі алға жылжу үшін инвестордың маңызы ерекше. Өйткені ауыл шаруашылығы саласы бүгін қаржы күйіп, ертең өндіріп алатын сала емес. Үнемі тәуекелге белді бекем буасын. Өйткені көктемде салған қаражатының ақталуы күздегі жиган өнімінің көлеміне байланысты. Біздің инвесторымыз «Абай-Дәулет» ЖШС серіктестігіне айтар алғысымыз зор. Инвестор көп, ішінен елге жаны аштың, шаруашылыққа шынайы көмектесетіндері аз. Міне, қалың топтың ішінде қазаққа болсын деп жүрген Мұрат және Марат Абайұлына агросаланы қолдап, оны дамытуға

атсалысып, елдік мәселелерде үн қосып жүргені үшін айтар алғысымыз зор, – дейді «Байтабын» ЖШС төрағасы Болат Ділдабеков.

Шаруашылықтың бригадирлері Болат Әлжанов пен Оразбек Төреқұлов жаңа автокөлікті тізгіндеп, инвесторға алғысын жаудыруда. «Көңіл көңілден су ішеді» деген қазақ бұл жерде де қалт кетпегені анық. «Абай-Дәулет» ЖШС инвестор ретінде елді мекенге көптеген игі іс жасап жатыр. Десек те, «Жақсылар жақсымын деп айта алмайды» дегендей, мекеме түймедейді түйдей етіп, аз ғана жақсылығын жарты әлемге жар салатындардың қатарынан емес. Олар үшін халықтың ықыласы мен алғысы бәрінен маңызды. Ауылдағы ағайынның жағдайын түзесің, ауылдың еңсесін көтересің» деп ауыл халқымен түсінісе еңбек етіп жүрген «Абай-Дәулеттің» жарқын істері өзгелерге жақсы үлгі.

Дәулет ТҰРСЫНХАНҰЛЫ



Басы 1-бетте

БӨКЕЙХАНОВТАҒЫ ЕСКІ ҮЙЛЕР: Жаңа үйге көшу арман ба?

– Бізге бірнеше құрылыс компаниясы келді. Олардың ешбірі жұмыс бастаған жоқ. Өу баста үй басына 7 жарым миллион теңгеден беретін болды. Біз оған қуандық. Ол да жақсы. Өйтеуір басына келсе, болды ғой. Біз пәтерді тастап-ақ кетер едік. Сол сомаға келіспеген бірнеше көрші болды. «Қырық кісі бір жақ, қызыр кісі бір жақтың» кері болған сынайы. Кейін тағы келді, тағы да келістік. Бірақ басталған жұмыс көрмедік, – дейді Алдаберген Көздібаев.

Асқар Токтасыбаев та – осы үйдің тұрғыны. Егер де жана үйге бастайтын қадам болса, дайын екенін айтты ол.

– Үйдің сыртын көріп тұрсыздар. Іші мұнан да қорқынышты. Жарылып, әр жерден саңылау пайда болған. Егер жаңа тұрғын үй салатын болса, қандай ұсыныс айтса да, келісеміз. Уақытша басқа жакта тұр десе, пәтер жалдап тұруға дайынбыз. Бірақ, ондай ұсыныстар әлі де болса келген жоқ, – дейді.

Таяуда бұрынғы қала әкімі Серік Қожаниязов алты айдағы тірлік пен жеті айда жеткенімізді айтып, жетістіктерімен бөлексе жин өткізді. Сол басқосуда осы қос қабатты үйлердің мәселесі көтерілді. Сол кездегі қала әкімі Серік Салауатулы мәселенің шешімі таяу маңда шешілетінін айтқан болатын...

– Ол жерде тұрып жатқандардың көбі – пәтер жалдаушылар. Біз иелерімен сөйлестік. Жаңа тұрғын үй

салып жатқанда басқа жерде уақытша тұра тұру кереті айтылды. Әрине, бұл жерде әкімдік тікелей араласа алмайды, тұрғындар мен құрылыс компаниялары арасында келісім болуы керек, – деген еді Серік Қожаниязов.

Өйтсе де, мұнда қыруар жұмыс болатыны анық. Өйткені орталықтандырылған кәріз жүйесін жүргізу керек, ауысу тарту тәрізді жұмыс аз емес. Оның үстіне, бұл үйлерге «көгілдір отынның» құбыры келіп тұр, өзі жоқ. Құбырын тартып болған соң, үйдің түріне қарап, «мынау бәрібір бұзылады» деп қолын бір сермеп кетсе керек. Бірақ газ құбыры келгеніне де он жылдан асып кеттігі. Үй әлі бұзылған жоқ...

«Мынау – жеңіл жүрісті қыздардың мекені» делі ұрпағының алдында ұятты ысырып қойғандардың көлбөңдеп әрлі-берлі жүргеніне шамданған зейнеткер. «Полицияға қанша хабарласақ та, мәселе шешімін тапқан жоқ» делі ренжілі кейіппен.

Бұрынғы әкімнің бастамасын бүгінгі әкім жалғастырар ма екен? Әлде бұл жұмыс Қожаниязовтың қолына қысқан «папкада» кетті ме?! Кім білсін, уақыттан асқан төреші жоқ.

Аян СПАНДИЯР,
Суретке түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Сәкен Әбдіжаппар, Қызылөзек ауылдық округінің әкімі: ШЕТ АЙМАҚ МӘСЕЛЕСІ — БАСТЫ НАЗАРДА

Басы 1-бетте

– Қала бойынша газ бармаған екі елді мекеннің бірі – Қызылөзек. Бұл бағытта қандай қаламдарға бардыңыздар? – Елді мекендерді табиғи газбен қамтамасыз ету мәселесі ең өзекті мәселенің бірі болып отыр. Осы бағытта өткен жылы тиісті зерттеу, зерделеу жұмыстарын жүргізіп, тиісті есептемелерін әзірлеп, облыстық бюджеттен ауылдық округ елді мекендерін газдандыру жұмысының жоба сметалық құжаттарын әзірлеп, сараптама қорытындысын алуға қаражат бөлу жөнінде ұсыныс берілген. Жұырда бұл ұсынысымыз да қолдау тауып, қазіргі таңда қалалық құрылыс бөлімі арқылы жоба әзірлеуші мердігер мекемені анықтау мақсатында мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізілуде. Жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, қажетті қаражат көлемі анықталған соң, жобаны қаржыландыру жөнінде республикалық бюджетке ұсыныс беріледі.

Халықтың көкейіндегі тағы бір мәселе – «Қожақ» көпірін күрделі жөндеуге жоба-сметалық құжаттары әзірленді. Ауылдағы өзекті мәселенің бірі – Қараөзек ауылына кіре берістегі құлау қаупінде тұрған «Қожақ» автомобиль көпірі болатын. Өткен жылы бюджеттен тиісті қаражат бөлініп, көпірді күрделі жөндеу жұмысына жоба-сметалық құжаттары әзірленді. Қазіргі уақытта мемлекеттік сараптамадан өткізу жұмыстары жасалуда. Сараптама қорытындысымен күрделі жөндеу жұмыстарының қаражаты анықталмақ. Келесі ретте қаржыландыру бағытында жұмыс жүргізіледі.

– Жол мәселесінде де халықты алаңдатқан жағдайлар бар еді... Толарастан саз кешіп, батпақтан жүрген халыққа тақтайдай тегіс асфальт бұйыра ма?

– Бұл бағыттағы шешімін тапқан келесі маңызды мәселе – жол жайы. Ауылдың жолы көп жылдардан бері жөндеу көрмей, тозғаны жасырын емес. Бюджет қаражатымен қатар, демеушілік көздер арқылы да үш елді мекендегі негізгі көшелерімізге жол жөндеу жұмыстарына жоба-сметалық құжаттар әзірлеп, тиісті бюджеттік өтінімдер ұсынған. Облыс, қала башылығының қолдауымен өткен жылы 250 млн 922 мың теңге қаражатқа жалпы ұзындығы 10 шақырымды құрайтын 6 көшеге орташа жол жөндеу жұмыстары, 2 көшеге жауу жүргіншілер жолы салынған болса, биыл жалпы құны 452 млн 114 мың теңге қаражатқа ұзындығы 3,2 шақырымды құрайтын 3 көшеге жаңадан жол құрылысы салынуда. Мысалы, олардың қатарында А.Құнанбаев, Қараөзек бекеті-4 көшелері, М.Жабағұлы түйығы бар.

Ерекшелік айта кететін тағы бір нәрсе, ауылдық округ бойынша көлік паркі жаңаланды. Өткен жылы ауылдық округке №29 қоғамдық көлік бағыты ашылып, жана автобус бөлініп, жолаушылар қатынасы реттелді. Сонымен қатар мектеп оқушыларын тасымалдауға жаңа үлгідегі шетелдік автобус бөлінді. Биыл маусым айында облыс әкімінің табыстауымен ауылдық округтегі дәрігерлік амбулатория бөлімшесіне заманауи санитарлық автокөлік бөлініп, тұрғындарға медициналық көмек көрсету сапасы артып отыр.

Ауылға аяқсу келмесе, халықты жалқау деуге болмайды. Аяқсу келіп тұрып, егін екпесе, ол белек тақарып болар еді. Біз халықтың өзіне қажетті өнімін өзі өндіруіне мүмкіндік ашып беріп отырмыз. Кейінгі жылдары ауылдық округте аяқсу тапшылығы орын алуына байланысты, қала башылығының қолдауымен 2022 жылы 2 дана, 2023 жылы 1 дана СНП-500/10 дизель және 1 дана СНПЭ-500/10 электр насостық қондырғылар бөлінді. Биыл «ДСУ» ұшакесіне электр желісі жеткізіліп, СНПЭ-500/10 электр насостық қондырғысы орнатылып, қуаты күшті электр насостық қондырғы арқылы Қараөзек елді мекені аяқсумен толық қамтамасыз етіліп отыр. Сонымен қатар ауыл әкімдігі меншігіндегі дизельдік насостық қондырғылар Сырдария және Қараөзек арналарына орнатылып, Айнакөл және Қараөзек бекеті елді мекендерінен қатар, тұрғындардың егістік жерлеріне аяқсу баруына қолайлы жағдай жасалды. Бүгінде халық осы мүмкіндіктің бәрін пайдаланып, өзіне қажетті көкінікті, бақша дақылдарын өздері егіп, күнелтіп, жағдайларын реттеуде. Сол сияқты, ауыл тұрғындарының егістік жерлерінің қасынан арнайы жер телімдері дайындалып, қала тұрғындарының да ауылға келіп бау-бақша, қартоп өсіруіне мүмкіндік берілген.

– Кәсіпкерлікті дамыту – экономиканы дамыту. Бұл ретте ауылдағы кәсіпкерліктің дамуына байланысты адыңызға келген тұрғынды сүйемелдеп, қолынан ұстап, өзіңіз бірге жүтіресіз бе?

– «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба», «Ауыл аманаты» секілді мемлекеттік бағдарламаларды ауылдық округ тұрғындары арасында кеңінен насихаттау жұмыстарымен қатар, кәсіпкерліктің дамуына байланысты қандай да мәселемен келген тұрғындарға барынша көмек көрсетіліп келеді. Себебі халықты кәсіпкерлікке тарту, жеке қосалқы шаруашылықтарды дамыту, сол арқылы жаңа жұмыс орындарын құрып, ауыл халқының табысын арттыру –

салауалды бағдарламаның бір бағыты. Кәсіпкерлікті қолдау шараларының нәтижесінде жыл басынан бері жаңадан 9 кәсіпкерлік нысан тіркеліп, «Микробизнес-Қызылорда» есуе ұйымы арқылы 4 кәсіпкер «Скер» бағдарламасымен 21 млн теңге, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» арқылы арқылы 1 кәсіпкер 5 млн теңге несиеге қол жеткізіп, есепті мерзімде барлығы 5 азаматтың 26 млн теңге жобасы қолдау тапты. Бұл жобалардың басым бөлігі мал басын көбейту, мал шаруашылығын дамытуға бағытталса, 2 жоба жүк автокөліктерін сатып алып мал шаруашылығына тасымал қызметін көрсетуге айналысуда. Сонымен қатар жұрда ауыл тұрғыны 1 млн 480 мың теңге қайтарымсыз грант иеленіп, өз кәсібін бастауда.

«Ауыл аманаты» жобасы аясында 2023 жылы 1 кәсіпкер 5 млн теңге несие алып нан-тоқан, кондитерлік өнімдер цехын ашқан болса, 2024 жылы жалпы құны 46,6 млн теңге құрайтын 4 жоба ұсынылып отыр. Оның ішінде 1 жоба неогенон өндірісімен айналысуды жоспарласа, қалған 3 жоба асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, ауыл-қала халқын ет-сүт өнімдерімен қамтуға бағытталып отыр.

– Халық сізге қаншалықты сын айтады?

– «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген сөз бар. Теріс көзқарастар мен пікірлер қай кезде де болар анық. Бастысы, сол мәселені анықтап, шешу жолын тауып, түзете білу керек деп есептеймін. Жұмыс болған жерде сын да болады. Сол себепті ауылда атқарылатын барлық жұмыстар «Жергілікті қоғамдастық жиыны», «Ардагерлер кеңесімен» ақылдаса отырып жоспарланып, орындау барысы бақыланып отырады. Ауыл азаматтарымен тығыз қарым-қатынаста, етене араласып жұмыс жасалған уақытта ғана сын да, кемшілік те аз болатын белгілі. Қазіргі уақытта сынан гөрі халықтың батасын, ризалығын көп естіп жүрміз. Бүгінде сыни пікірлер тек елді мекендерді газдандыру мәселесі бойынша айтылып келсе, жоғарыда атап өткенімдей, бұл мәселенің де шешімін табатын уақыты жақын.

– Елдің алдында берген уәддеріңізді орындап жүрісіз бе?

– Қызылөзек ауылдық округінің әкімі лауазымына сайлауға түскен уақытта ұсынылған сайлауалды бағдарлама, яғни ауыл халқына берген уәддерім орындалуда. Атап өтетін болса, аяқсу мәселесі шешімін тауып, яғни үш елді мекен аяқсумен толық қамтылды. Ұсынысымыз қолдау тауып, ауыл әкімі аппаратына берілген 4 дана дизель және бір дана электр насостық қондырғылар арқылы 3 елді мекенге аяқсу тұрақты беріліп отыр. Бұған қоса елді мекендердің аяқсу бармайтын шет аймақтарға су жеткізу мақсатында 4 дана техникалық су тарту ұңғымасы бұрғыланып, пайдалануға берілді. Жоғарыда тоқталып өткенімдей, ауылдық округтегі электр желілерін толық қайта жаңғырту жұмыстары басталды. Сайлауалды бағдарламада көрсетілген елді мекендерді газдандыру мәселесі бойынша биыл жоба-сметалық құжаттарын әзірлеу жұмысы жоспарланып, мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізіліп жатқандығы туралы да жоғарыда атап өттім.

Елді мекендерде жол жөндеу жұмыстары қарқынды жүреді. Өткен жылы 6 көшеге орташа жол жөндеу жұмыстары, 2 көшеге жауу жүргіншілер жолы салынған болса, биыл жалпы ұзындығы 3,2 шақырымды құрайтын 3 көшеге жаңадан жол құрылысы салынуда. Сонымен қатар келесі жылы қаржыландыру мақсатында 3 көшеге күрделі жөндеу жұмысына жоба-сметалық құжаттары әзірленді. Жарықтандыру жұмыстары да жүйелі түрде жүргізілуде. Өткен жылы 4 көшеге түнгі жарық бағаналары орнатылған болса, биылғы тамыз айында Абай Құнанбаев көшесіне жарық бағаналарын орнату жоспарланып отыр. Жалпы бүгінгі таңда барлығы 21 көшенің 8 көшесіне асфальт, 11 көшесіне малта тас төселген болса, 17 көшесі жарықтандырылды.

Балаларды ойын алаңдарымен қамту бойынша өткен жылы Е.Дәуітбаев көшесінен балалар ойын алаңы салынса, биыл тамыз айында Арғын көшесінен балалар ойын алаңын салуды жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар биыл Қараөзек бекетіндегі шағын спорт алаңына жасанды газон төселді. Мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы шағын және орта кәсіпті дамыту бойынша біршама жұмыстар атқарылуда. Бұл жөнінде жоғарыда тоқталып өттім. Кәсіпкерлікпен айналысуға ауылдық округ жағдайына тән жаңа жобалар жасау, инвесторлар тарту бойынша кәсіпкерлермен келіссөздер жасалып, нәтижесімен «Ақ-Барс Орда» ЖШС ауылдық округ аумағынан мал бордақшалау алаңының құрылысын салуды жоспарлап отыр. Осы мақсатта бордақшалау алаңының орны дайындалып, электр желісі жүргізілді. Алдағы уақытта құрылыс жұмыстары басталады.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен Дәулет ҚЫРДАН

Теміржол. Төгілген тер. Тынымсыз еңбек



Тамыз айының бірінші жексенбісі – көлік қызметкерлері күні. Бұл мереке 1998 жылы ел Президентінің Жарлығымен бекітіліп, еліміздің кәсіби мерекелерінің тізбесіне енді. Мереке қарсаңында Сыр өңірінде газырдан астам уақыт бұрын іргетасы қаланып, теміржол саласының қарқынды дамуына айтулы үлес қосып келе жатқан «Қазақстан Теміржолы – Жүк тасымалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қызылорда бөлімшесі туралы жазғанды жөн көрдік. Бұл ел әлеуетін көтеретін сала ғана емес, тарихы терең, кейінгі буынға үлгі болар тынымсыз еңбекке толы мекеме.



Бір кездері мүлгіп жатқан сайын далаға жан бітірген шойын жол өзінің 120 жылдық белесінде ел экономикасының өн бойына қан жүгірткен құрметарға айналды. Бүгінде газырдан астам тарихы бар Қызылорда локомотив пайдалану депосының мұражайында осы тарихи оқиғаларды бейнелейтін суреттер мен құнды жәдігерлер көздің қарашығындай сақтаулы тұр. 1976 жылы депоның 70 жылдығы қарсаңында ашылған мұражай жыл өткен сайын жаңа экспонаттармен толықтырылып келеді. Көнеңі көзі – алып паровоз бен УОС ардагерлеріне арналған аспан асты мұражайына депо ауласынан орын берілген. Қызылорда жүк тасымалы бөлімшесі – Сырдың бойына Орынбор-Ташкент теміржолы пайдалануға берілген 1904 жылы іргесі қаланып, содан бері түрлі құрылымдық өзгерістерден өтіп, «Қазақстан Темір жолы» компаниясы бойынша әрдайым алдыңғы қатарда жұмыс істеп келе жатқан газырдан аса тарихы бар мекеме. Бұл ретте теміржолшылар тыныс-тіршілігі қалайша өрбіді, қандай атпал азаматтар осы салаға саналы ғұмырын арнады деген сұрақ туындауы заңды. Таркатып айтар болсақ, Сырдария өзенін жағалай салынған Орынбор-Ташкент теміржолы арқылы қазақ даласына серпін беріп, тек Қызылорда облысының ғана емес, бүкіл аймақтың өсіп-өркендеп, дамуына жол ашты. Теміржол өлкеге өркеніет лебі мен жаңа экономикалық қатынастар ала келді, – дейді «Қазақстан Темір жолы – жүк тасымалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі филиалы Қызылорда бөлімшесінің директоры Батырхан Базарбаев.

Теміржол саласының тарихында ерен еңбегімен қолтаңбасы қалған азаматтар аз емес. Саланың ыстығына күйіп, суығына тонып, еңбек еткендердің есімі ұмытылған емес. Атап айтқанда, Қоңжан Мұхамеджанов, Жавдат Хамидов, Орынбай



Жанәділов, Құдайберген Қоңжасаров, Лепес Жаниязов, Бекболат Абылбеков, Аралбай Дүйсенов, Ермекбай Ерманов бастаған ардақты азаматтар осы саланы терең меңгеруге үлкен үлес қосты. Сондай-ақ Курпенов, Бадратов, Жұмағұлов, Байсағұлов, Ерманов, Қалмағанбетов бастаған теміржолшылар династиясы қалыптасты. Еңбек жолын слесарь болудан бастаған Оразбай Әбішев сол кездегі өлшем бойынша ерен еңбектің үлгісін көрсетіп, Социалистік Еңбек Ері атанса, Алысбай Опалхожаев, Серғазы Бержанов, Қали Есмағамбетов, Александр Тимошин және басқа азаматтар «Құрметті теміржолшы» атаңды. Осындай ардақты жандардың жолын бүгінгі жас буын лайықты түрде жалғастырып, машинистер, вагон қараушылар, тасымалды

Тасымалданатын жүктердің сақталуын және олардың уақытылы жеткізілуін қамтамасыз ету, жүк пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен тасымалдау қызметін басқару міндеті бар. Қызылорда бөлімшесінің облыс аумағында орналасқан үш түйіспесі бар. Олар: Шымкент жол бөлімшесімен – Түркістан станциясына дейін, Ақтөбе жол бөлімшесімен – Сексеуіл станциясына дейін, Қарағанды жол бөлімшесімен – Қосқол станциясына дейін. Бөлімше құрамына 67 бөлек пункттер кіреді, – дейді бөлімше директоры.

Тарихы терең мекемеде уақыт талабына сай қызмет етуде жаңалықтар аз емес.

Жүк құрамаларының телімдерден кідірісіз өтуі үшін бөлімшедегі бірнеше бекеттердегі станциялық жолдар ұзартылды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның ұйымдастыруымен теміржол саласында бірнеше игі бастамалар қолға алынды. Статистикалық вагон жүктемесі, жүк вагондарының айналымы, жергілікті вагондар айналымы, учаскелік жылдамдық, техникалық жылдамдық сияқты көрсеткіштермен жоспардан асыра орындалуда. Мұның барлығы аймақтағы темір жол мекемелері ұжымының біліктілігі мен сол ұжымдарда жұмыс істеп жүрген 10 мыңға жуық теміржолшылардың белсенділігі, олардың кәсіби міндетін жүректен сезініп, жауапкершілік жүгін мойымай көтере білгенінің нәтижесі деп білеміз. Қазіргі таңда «Қазақстан теміржолы – жүк тасымалы» ЖШС – ЖТ «Қызылорда бөлімшесі» филиалында 2180 қызметкер жұмыс атқарады. Оның құрамында

тарапынан қолдау аз емес. Мәселен, жыл сайын 200-ден астам қызметкерлерге еліміздегі шипажайларға демалыс орнына жолдама беріледі екен.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Басқарма төрағасының марапаты 45 қызметкерге табысталды. Құрметті теміржолшы белгісімен 2 адам,



«Адал еңбегі үшін» белгісімен – 2, «Кәсіби бойынша үздік» - 2, «Үздік маман» - 2, «Қазақстан темір жолы» компаниясы» акционерлік қоғамы Басқарма төрағасының Құрмет грамотасымен – 18, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Басқарма төрағасының Алғыс хатымен 17 адам марапатталды. «Қазақстан темір жолы – жүк тасымалдары» ЖШС Басқарма Төрағасының Құрмет грамотасы мен Алғыс хатымен марапатталған қызметкерлеріміз бар. «Қазақстан темір жолы – жүк тасымалдары» ЖШС филиалы директорының құрмет грамотасымен 25 қызметкер марапатталды. Мамандықтың қайсысы болсын, үлкен жауапкершілік пен ынты болмаса, бәрі бекер. Әр мамандық елдің, мемлекеттің өркендеуіне, дамуына тікелей үлес қосып, экономиканың тұрақтылығына әсер етеді. Сондай үлкен маңызға ие мамандықтың бірі – теміржолшы. Осы абыройлы мамандықтың туын биік ұстап келе жатқан жерлестеріміз жетерлік. Олардың адал еңбегі қай кезде де елеусіз қалмайды. Қызығы мен қиындығы басым саланың жілігін шағып, майын ішкен мамандарға халықтың да алғысы шексіз, – дейді «Қазақстан Темір жолы – жүк тасымалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі филиалы Қызылорда бөлімшесінің директоры Батырхан Базарбаев.

София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ

Зейнетке жинаған ақша немесе тіс ауырса...

Сондықтан бұл бағдарламаны енгізбестен бұрын бәрін жоспарлы түрде ойластыру керек еді. Осы арада зейнет жинағын алған қаражаттан баспана алғысы келсе, жаңа үйлерді ғана алуға талап қою керек деген ұсыныс айтқан едік. Сол кезде құрылыс қарқынды жүріп, отандық құрылыс компаниялары жақсы табыс табатын еді, азаматтарға жұмыс болатын еді. Екінші нарықтағы үйден де баспана алуға мүмкіндік берудің себебінен қаражатты түрлі келісіммен шешіп алу жағдайлары болды, – дейді экономист.



Жоғарыда айтып өткеніміздей, зейнетақы қорының қаржысынан ақша алуға тыйым салу туралы ұсыныстар айтылуда. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Светлана Жақыпова сарапшылар БЖЗК-дан қаражатты мерзімінен бұрын алуға тыйым салуды ұсынып ақта келіп, мұны министрлік те қолдайтын билдерге еді. Қалай айтқанда да, зейнетақы қорына ақша жинау жүйесі ең алдымен қарапайым халыққа тиімді болу керек. Бұл арада тағы да экономистің пікіріне сүйендік.

Жалпы зейнетақы жинағы ең бірінші кезекте халыққа тиімді болуы керек. Ол үшін бірінші кезекте зейнетақы қорына қаржы жинақтай алса, жинақтаған қаржысын дұрыс еселенсе, инвестициялық табыс пен кіріс жоғары болса, халық үшін сол кезде тиімді болады. Қазіргі кезде бұлай деп айта алмаймыз. Инвестициялық кіріс инфляция деңгейінен төмен болып жатады, ал азаматтар зейнетке шыққан кезде мұндай зейнетақы ала бастайды. Сол себепті көпшілігі зейнет жинағына қаржы жинауға ынтыла емес, тіпті еңбекқаны да конвертпен алғысы келетіндер көп, не де болса, қазір жұмсағанымыз жақсы деп ойлайды. Зейнетақы қорындағы қаражатты шешіп алу мүмкіндігі болғанын қолдаймын. Себебі әрбір азамат бұл өзінің қаражаты екенін сезіну керек. Ол үшін өз қаражатын басқара алу керек. Артық қаражатты баспана алуға, денсаулығын түзеуге, инвестициялауға, сенімгерлікке беруге арқан мүмкіндігі болуы керек. Зейнетақы активтерінің дұрыс басқарылуы, оның инвестициялық кірісі мен табысының төмен болуы зейнетақы қорына қаражат жинауға азаматтарды ынтыландырмайды. Екінші мәселе елімізде табыс деңгейінің төмендігі. Табыс төмен болған сайын зейнетақы қорына аударатын ақшасы да, кейін алатын зейнетақы да аз болады, – дейді экономист Мақсат Халық.

Зейнетақы қорындағы қаржының бір бөлігін өз мақсатына жұмсауды армандайтын Зейнеткерлер аз емес. Кейде маңызды қажеттілікке табысты жетпейтіні белгілі. Мәселен, елде тіс емдету арзан емес. Ал баспаналы болу қаншама отбасының арманы. Зейнет жасына дейін алға қойған мақсатқа жетуге зейнетақы қорындағы қаржының бір бөлігі сеп болса екен дегендер аз емес. Біздің айтпағымыз, зейнетақы қорындағы қаржы алған азаматтардың оны қайда жұмсайтыны емес, зейнетақы қорының халыққа тиімді болғаны.

(Басы 1-бетте)

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 31 шілдедегі №1348 қаулысы

ЖЕР УЧАСКЕСІН МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН АЛЫП ҚОЮҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕР УЧАСКЕСІН НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ДЕ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДЫҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы

27 наурыздағы №01/1546 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мемлекеттік емес жер пайдаланушы «Қар-Тел» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қызылорда қаласы, Сырдария өзенінің сол жақ жағалауы мекенжайындағы антенна-дінгек құрылысы үшін көлемі 100,0 (бір жүз) шаршы метр кадастрлық нөмірі 10-156-086-357 жер учаскесін Сырдария өзенінің сол жағалауындағы №4 тұрғын кварталындағы көпқабатты тұрғын үйлерді жылумен қамтамасыз ету мақсатында 219 диаметрлік жер асты жылу желісі жүргізілуіне байланысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылғы 3 қараша болып белгіленсін.

3. Мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, №43 ғимарат, №13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік емес жер пайдаланушыны ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі
С. ҚОЖАНИЯЗОВ

Қылмыс неден көбейді?

Облыстық прокуратурада «Қылмыссыз өмір – кемел келешек кепілі» атты жиын өтті. Жиынға облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Еренғалиұлы, ардагерлер кеңесі төрағасының міндетін атқарушы Өмірбек Мөрәліұлы, Атамекен кәсіпкерлік палатасының төрағасы Пірмұхамед Айтбайұлы, басқарма басшылары, жергілікті полиция қызметі және бірқатар кәсіпкерлер мен БАҚ өкілдері қатысты.



Мұндағы мақсат «Қылмыссыз өмір – кемел келешек кепілі» жобасы аясында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, құқық бұзушылықтың алдын алу және мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру, заңдылық пен құқықтық тәртіпті күшейту. Облыс прокуроры кәсіпкерлер көңіл көтеру орындарындағы жұмыс кестесін қалыптастырып, күзет қызметін пайдалану және бейне бақылауды орнату бойынша меморандум жасау керектігін алға тартты.

– Аудандарға іссапармен барғанда тұрғындар

мен ақсақалдар кеңесі және жергілікті кәсіпкерлермен кездесу өткіздім. Онда қоғамдық кеңес, жергілікті атқарушы органдар мен мейрамханалар және кафе иелері арасында өзара келісімге келу үшін меморандум жасады. Қазіргі таңда ол өз нәтижесін береді. Яғни меморандумға отырған аудандардағы көңіл көтеру орындарында қылмыстар саны азайған. Мұндай тәжірибе облыс орталығына да қажет. Себебі қаладағы көңіл көтеру орындарында аса ауыр, кісі өлтіру сынды қылмыс жиі орын алады, – деді Ризабек Қорымұлы.

Жалпы жобаны дайындауда өңірдегі қылмыстардың 5%-ға артқандығы негіз болып отыр. Себебі қылмыстың көбеюіне байланысты жүргізілген талдау нәтижесінде құқық қорғау органдарына 2700-ден астам хабарлама түскен. Оның 50-і қылмыстық іс болса, 1633 әкімшілік іс қозғалып, жауапқа тартылған. Қылмыстың басым көпшілігі облыс орталығындағы көңіл көтеру орындарында, яғни түнгі мезгілде орын алады. Сондай-ақ қылмыстың жеделденген түріне келетін болсақ, биыл адам өлтіру дерегі 125%-ға өссе, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру қылмысы 8%-ға өскен. Жиында Қызылорда облысының қоғамдық тамақтандыру және қызмет көрсету саласы қауымдастығының төрайымы Ақмарал Мақсұтқызы және бірқатар кәсіпкерлер өз ұсыныстарын жеткізді.

Жиын соңында облыс прокуроры жоба бойынша іс-шаралар жоспарын бекітіп, жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдары, Атамекен кәсіпкерлік палатасы, ардагерлер кеңесімен бірлесіп, жұмысшы тобын құрып, жоспардың орындалуын бақылауға алуды тапсырды.

Алдағы уақытта облыс прокуратурасы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тәртіпсіздіктің алдын алу мақсатында «Қылмыссыз өмір – кемел келешек кепілі» жобасы аясында белгіленген шараларды жергілікті атқарушы, құқық қорғау органдарымен бірлесіп атқармақ.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

ОЛИМПИАДА: ҮМІТ АЛДА

Олимпиада ойындары көпті ойландырғаны анық. Мысалы, бокстан ұлттық құрама көрсеткіші көңіл көншітпей тұр. Шаршы алаңға шыққан спортшылардың дені бірінші кезеңнен өте алмай, елге қайтуда. Өзге спорт түрлері де айтарлықтай олжа салмады. Осы орайда осы аптадағы байрақты бәсеке жаңалықтарын назарға ұсынып отырмыз, оқырман.



Апта басында Қазақстандық теннисшілер толықтай жарыс жолынан шықты. Жұптық сында өнер көрсеткен Александр Недовесов пен Александр Бублик алғашқы айналымда бразилиялықтар Тьяго Монтейро мен Тьяго Уайльден бетпе-бет келген. Бір сағат 15 минутқа созылған бәсеке барысында Недовесов пен Бублик 3 эйс жасағанымен, 4 брейк-пойнтты пайдаланған алған жоқ. Қарсыластары 4 эйс, 2 брейкпен көзге түсті. Осылайша, Париж Олимпиадасы қазақстандық теннисшілер үшін өте сәтсіз аяқталды. Бұған дейін Елена Рыбакина мен Юлия Путинцева ойынға қатысудан бас тартса, А.Бублик пен Александр Шевченко жекелей сында алғашқы айналымнан аса алмаған еді.

Садақ ату, жүзу, семсерлесу спорт түрлерінен де олжа жоқ. Аталған саладағы саилдақтар алғашқы кезеңнен-ақ сүрінді. Қос медаль сыйлаған дзюдодан әлі де үміт бар еді. Алайда қазақстандық татами шебері Данияр Шамшаев алғашқы белдесуінде ұтылып қалса, Нұрлыхан Шархан екінші белдесуінде есе жіберді.

«Мен Олимпиада ойындарына толық дайындықсыз келдім. Оқу-жаттығу жыныдарым аз болып қалды. Олимпиада алдында бір айдай асқаным ауырып, көп уақытымды емделуге жіберіп алдым. Алда әлі талай доллар бар ғой, бұл Олимпиадада жолым болмады. «Бір сәтсіздік – бір сабақ» дегендей, болашақта еліміздің на-

мысын абыроймен қорғаймын деп ойлаймын», – деді Данияр Шамшаев. Байрақты бәсекеде боксқа жан-күйер болғандар саны басым. Алайда мұндағы жай жағымды болмай тұр. Себебі ел сенген саилдақтың көбі алғашқы жұлдырқасуда қарсыластарына жол беруде. Ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен



Асланбек Шымбергенов, Қамшыбек Қоңқабаев, Махмұд Сабырхан, Валентина Хальзова, Айбек Оралбай, Мұхамедсабыр Базарбайұлы жарыс жолынан шықты. Айтпа кетсек, 2 тамызда бокс бәсекесінде ерлер құрамынан Нұрбек Оралбай, Сәкен Бибосынов шаршы алаңға шықса, әйелдер сапынан Карина Ибрагимова бақ сынады.

Қыздар қалыс қалмады. Ел намысын қорғап жатқан Назым

Қызайбай алғашқы жекпе-жекте Италия боксшысы Джордана Соррентиноны жеңген еді. 1/8 финалда бразилиялық К.Барбосаны жарыс жолынан шығарды. Осылайша ширек финалға жолдама алды.

«Жекпе-жек ойындағы өтті. Енді бұдан да жақсы өнер көрсету керек деп ойлаймын. Алда тағы

орындалмады. Мұны біліп, сын айтқандар көп. Олардың қатарында Бейжін Олимпиадасының чемпионы, боксшы Бақыт Сәрсекбаев та бар. Бүгінде әлеуметтік желіде спортшының Париж Олимпиадасына қатысып жатқан боксшылардың өнеріне қатысты пікірі қызу талқылануда.

Боксшы бұл туралы Instagram әлеуметтік желісіндегі парақшасында дайындыққа көңіл бөлінбегенін жеткізген.

«Жігіттердің физикасы өте нашар. Екінші раундта тыныс алу қиындап, рингте әзер жүр. Соққылары тым аз. Сериялық соққылар тіпті аз. Үш минутта қанша соққы жасауға болады? Физикамен айналысады деп арнайы шақыртылған мамандар қайда қарап жүр? Жалпы ғылыми топ мүшелері қайда? Неге біздің боксшыларға шаршы алаңда дем жетпей қала береді? Неге үш раундта аяққа тұра алмайды?» – деді Бақыт Сәрсекбаев.

Айта кетерлігі, Қазақстан Ұлттық Олимпиадалық комитеті 63,5 келі салмақта жұлдырқасқан Мұхамедсабыр Базарбайұлы мен грузиялық Лапа Гурული арасындағы жекпе-жек нәтижесін түсіндіруді талап етіп, ресми түрде РБУ-ға (Paris boxing Unit) шағым түсірді. ҰОК мәліметінше, Олимпиада ойындарындағы бокс бәсекесін ұйымдастырушылар бұл ескертуге назар аударып, аталған жағдайға қатысты зерттеу жүргізуге уәде берді. Аталған төрешілерге қатысты ес қозғалды. Осы орайда, бұл ішараның жекпе-жектер нәтижесіне әсер етпейтінін ескеру керек. Ережеге сәйкес, аяқталған жекпе-жектер нәтижесі қайта қаралмайды.

Алайда төрешілердің өз қызметінде қателік жібергені дәлелденсе, олар қызметтен шеттетілуі мүмкін. «Қазақстан ҰОК Мұхамедсабыр Базарбайұлының жекпе-жектегі қатысты шағым түсірді. Біз бұл нәтижемен келіспейміз және РБУ-дан түсініктіме талап еттік. Бұдан ХОК та хабардар. Біздің ойымызша, қазақстандық боксшы 2024 жылғы Олимпиаданың жартылай финалына жолдама беретін маңызды кездесуде жеңіске жетті. Өткен жекпе-жектең нәтижесін қайта қарау мүмкін емесігін де түсінеміз. Алайда біз ірі халықаралық жарыстағы төрелік әділ әрі таза болғанын қалаймыз», – деді Қазақстан ҰОК бас хатшысы Жанар Утешева.

Берен ШАҒЫРОВ

«ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАЯНЫ»: Сыр аспанын әнмен әрледі

Әсем дауысымен елдің жүрегіне жол тапқан қазақ ән өнерінің жарық жұлдызы, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі Мәдина Ералиеваның туғанына биыл – 70 жыл. Сырдың бұлбұлы атанған әншінің мерейтойының құрметіне арналған «Қазақтың Ақбаяны» атты I республикалық әншілер конкурсы өтті.

Тұңғыш рет ұйымдастырылған өнер аламын екі кезең бойынша өтті. Бірінші кезеңде қатысушы талапкерлер Қазақстан композиторлары Нұрғиса Тілендиев, Шәмші Қалдаяқов, Жақсыгелді Сейілов, Әсет Бейсеуов, Ескендір Хасанғалиев, Сейділла Бөйтерекөв, Кеңес Дүйсекевтің әндерінен бір ән орындаса, екінші кезеңде Мәдина Ералиеваның репертуарынан бір әнді шырқалды.

Сырдың аспанын әсем әуенмен әрлеген кеште республикамыздың түпкір-түпкірінен және Сыр өңірінен арнайы іріктелген 15 дарынды талапкердің өнерін Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, қазылар алқасының төрағасы Бақтияр Тай-

лақбаев пен Жеңіс Ысқақова, Елена Әбділхалықова, Жұбанш Жексенұлы және бүкілодақтық фестивальдердің лауреаты Заруша Әлімбетова бағалады.

Өнерімен өрге жүзіп, ән әлемінде өз ерекшеліктерімен танылған таланттар додасында бас жүлдені Түркістан облысынан келген өнерпаз Асыл Жомартов жеңіп алды. Ал I орынның биігін павлодарлық әнші Мәдина Қабдолла иеленсе, Жамбыл облысынан келген Дулат Жасузақ II орынды еншіледі. Ал үздік үштікті түйіндеп, жүлдегерлер қатарынан көрінген астаналық Дарина Сатарова мен қызылордалық Қаракат Базарбай III орынды өзара бөлісті.

Айта кетейік, Қазалы ауданы



әкімінің арнайы жүлдесі – «Туған жер» номинациясы әншінің жерлесі, қазалылық әнші Рахымжан Мақсатбаеваға табысталса, «Ақбаян» номинациясын Айбек Абдышымұлы есімді Ұлытаудың ұлы олжалады.

«Ақмешіт-ақпарат»

ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

Бір ғұмыр жете ме, сүюге сені?..



Көзікарақты оқырманға Дина Бөкебай есімі көптен таныс. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ облыстағы шығармашылық ортаға сіңіп кеткен Қазалының кара кызы – оқырман жүрегіне жол тапқан талай туындының авторы.

«Нұр шашылған пейілдерден қаштың ба?

Қыр астың ба? Жыр астың ба?

Қайда сенің ұзақ күткен өлеңің –

Өміріңнен әдемірек әлемің...», – деп сұрағына жауап іздеген дарынды Дина бұл күнде енесі биік Елорда төрінде, Арқа даласында еңбек етіп жүр. «Әріптес әлемің» Динаның әлемін толық қамтуға тырыстық.

Редакциядан.

Алагеуіндегі ауыл

Аспан тағы алақанға гүл берді,
Бұра бұлттан бұлдыр-бұлдыр мұң көрдім.
Найзағайлар жарқ еткенде, нәтінен,
Нәзік жырға қолқа салып үлгердім.

«Шықпаса екен нажағайдан зор шығын»
Шықты бір сәт көше жатқан өршіл үн.
Ит-тірлігін селт етпейді жауынға,
Қоңыр иті үріп жатыр көршінің.

Көңіл шіркін, жүдеу тартып жүр кеміс,
Қажытады ауылдағы күнкөріс.
Мал ашуы – жан ашуы, лақ іздеп,
Кетті қойшы естіп жұрттан бір сөгіс.

Қойды ма екен жалғыз лағы кеш қалып,
Бес шақырым көрнеді бес қарық.
Қойшы бала. Нөсер жауын. Насыбай,
Шалдар отыр жігіттікті еске алып.

Елемей-ақ көп адамның өсегін,
Елемей-ақ үр көктемнің нөсерін.
Қойшы бала жыңғыл ішін кезді,
Жаңбыр басып аппақ шаңын көшенің.

Сол бір кештің сағынышы бой қарып,
Аймен бірге отырамын ойланым.
Қой қарауға кетіп еді көп кісі,
Қырындағы шаттық қалып, той қалып.

...Мен де бірге кетсем бе екен қой бағып!?

Әке – өлең

Әке, сенің маңдайыңдағы әжімдер
Шығыс пен Батыстың,
Ақыл мен намыстың тоғысқан торабы.
Балалыққа апарар
Ең қысқа сағы олар – жылдармен жоғары.
Әке, ренішің жоқ па еді...?
Қызыңның кеткені көрсе емес, жыр құрап.
Өмірдің анты игі –
Жейденнен аңқиды жердегі бір Жұмақ.
Қаламын байқамай,
Таулар да қайталай алмайды биіктеу еңсесін.
Қабағың, қасыңнан
Өзімді шашылған құраймын мен сосын.
Әке, армандар орасан,
Өмірге қарасам шығып ап дүниенің шетінен.
Ойлайсың өлем деп,
Тұрасың өлең боп кітаптың алғашқы бетінде.

Күн жоқта өзің жарқыра

Күн жоқта өзің жарқыра,
Жазу үшін жазбайтынмыздай,
Сүю үшін сүймейтініміздей,
Оятқыш үшін тұрмайтынмыздай
таңғы алтыда.

Күн жоқта өзің жарқыра!

Көздерімнен жана жыр оқып,
Құшағыңды аспаныңмен бір етіп,
Сосын, күнделігіңе жазған
жүрегіңнің антына.
Жер бетілік көлеңкелерге Құдай боп,
Жер астылық адамдарсыз ауа жұтпас
сыңайлы ек...
Десе де аспан, қарай көрме артына.
Өзің ғана жарқырап.
Айтарсың ғаламшарларға мың сәлем,
Аспаным –
Жарқыра, күннің орнына, жарығым,
Жаттап алсыншы шамдардан жалыққан әлем.

Қауышу

...Ғасыр екен шамдар сөнген, сөз өліп
«Жылдамдық сен алдыма өт, енді».
Маңдайыма тапанасың кезеніп
Уақыт тұр...
Мен қолымды (өмірімді) көтердім.

Басқа уақыт сағатым да, бөтен Ай,
Мұң ырғияр ессіз ойды қылғытып.
Шығарып сап ескі Дина Бөкебай
...есік жақта жап-жанасы тұр күтіп,
Ол білмейді.

Пенде емес, жүрегіңмен тілдесу,
Керектігін адам деген талантқа.
Күн кешудің екендігін мұң кешу
Түсінібепті тағдырларға қарап та.

Жылжып жырдың артынан бір жыр келер,
Есік жатқан ескі Дина ұшырап.
Адамдар да пенде болып үлгерер,
Уақыттың тапанасың қарап ап.

Не жазам саған?
Кеудемнің құсын ұшырып алдым,
Жанымды бүгін үсіріп алдым,
Жадымнан сені өшіріп алдым,
Ғасырдың демін көшіріп алдым
.байқамай.

Не жазам саған?
Ойымнан алыс оза алмай кеттім,
Тағдырды ғана жаза алмай кеттім,
Өзімнен өзім жырақтап кеттім,
Армандарымнан бір аттап кеттім
.байқамай.

Не жазам саған?
Жалғыздығыммен дос болып қалдым,
Жанардың гүлі жас болып қалдым,
Тас көңілдерді жылытып қалдым,
Өмір сүруді ұмытып қалдым,
.байқамай.

Не жазам саған, жарығым?

Бір ғұмыр жете ме сүюге сені, өмірді,
Кітаптың кейіпкерлерін?!
Жақыннан қалған жазықсыз ғана көңілді,
Кір жұқтырмаған жанарыммен емдедім.

Бір өлең жете ме жанымды жайып беруге,
Ауыз тиюге қайғымнан?
Жалғым кейде өзіме қайтып келуден,
Сен де сертіңнен тайдың ба?

Жер беті жетпек жетісіреген нешеуге?
Ұмыта берем, өмірдің өзі бір ерте.
Есейгендерден үйреніп алдым кеше мен,
Көңілді таптап, гүл өртеп.

Жымып өтсем, жеңілмес ойды тұмшалап,
Махаббатыма құл санам.
Жеткізбей қойған шақырымдарды қайтеміз?
Ақылым жетпей жүр соған...

Уақыттың үніне ғашық құлағым,
Сағат тоқтауын тілейді сыңарым.
Түсіміңді кеше көрген қар кызы
Бекторымен қол ұстасып жүр әні.

Не-ге?
Қиял кезу – өмірдің аяу ма?
Құламауға қалам ұшып таянған.
Өзімізді түсімізден таба алсақ,
Ең шынайы өнер ғана – оянабау.

Үрейленер түстің келмей өлгісі,
Жүрек жатқан құс ұшады, көңбісім.
Тамырымды жарып шығар аңдасуыз
Тән ішінде тұтқындалған болмысым
Өлең оқып тұнбексе...

Әңгіме айтар Фрейдпен әлі ұйқысы келмеген,
Жайлы қонақ жалғыздығым бөлмеде.
Азапты ойлар кетпей тұрып пышақтап,
Ессіздігімізді құшақтап,
Бейсанамызда жолығайқышы пенделер.

Дина БӨКЕБАЙ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1012)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 431018.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мәзіріне жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «А51» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3514 Тапсырыс №1213
Нөмірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН